



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

01 маусым 2021 жыл

### KASE "Жасыл кеңсе" жобасын іске қосты

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылы қабылдаған тұрақты даму саясатын жүзеге асыру аясында "Жасыл кеңсе" бағдарламасын іске қосты.

Өр түрлі ұйымдардың кеңселері үшін эко-стандарттардың халықаралық қағидаттарына негізделген, "Жасыл кеңсе" Биржаның экологиялық жауапкершілігін көрсетеді және табиғи және қаржылық ресурстарды ұтымды пайдалану және үнемдеу, қызметкерлердің жұмысы үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау және т. б. арқылы оның қызметінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға бағытталған.

"Жасыл кеңсе" бағдарламасы ұйымды басқарудың кешенді тәсілін білдіреді және қабылданған үш R жалпы қағидаттарына негізделген бірқатар техникалық және мотивациялық-білім беру іс-шараларын қамтиды:

- Reduction – энергияны (су, электр және т. б.) ақылға қонымды тұтыну;
- Refinement – кеңсе материалдарын (қағаз және т. б.) қайта пайдалану;
- Replacement – экологиялық жауапты сатып алулар және қоршаған ортаға әсерді барынша азайтатын тауарлар мен қызметтерді сатып алу, көлікті баламалы және/немесе тиімді пайдалануды насихаттау.

"Жасыл кеңсе" бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Биржа биржа қызметкерлері қатарынан эко-белсенділер тобын – KASE GREEN құруды жоспарлап отыр. KASE GREEN тобы әріптестерінің экологиялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді: Биржада қалдықтарды бөлек жинауды енгізу, үнемді тұтыну (ресурстарды пайдалануды қысқарту) қағидаттарын қолдану, сатып алу саласында ұсыныстар қалыптастыру, ішкі ақпараттық және оқыту іс-шараларын жүргізу.

Биржа тұрақты даму саласындағы үздік халықаралық тәжірибені дәйекті түрде ілгерілетіп келеді. 2015 жылы KASE БҰҰ-ның "Тұрақты қор биржалары" бастамасына қосылып, экологиялық, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару өлшемдері бойынша немесе қысқаша-ESG (экологиялық, әлеуметтік, басқарушылық) саласында есеп берушілік жасау әдістемесін әзірлеуге міндеттеме алды.

2016 жылы Биржа осы әдістемені қолданысқа енгізді, ол 2018 жылы Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесіп экономиканың түрлі салаларының, атап айтқанда, мұнай-газ секторының және қаржылық қызметтер секторының ерекшелігін ескере отырып жаңартылды.

Бұдан басқа, 2021 жылы KASE, сондай-ақ эмитенттер мен инвесторлар арасында осы өлшемдерді дамытуға бағытталған ESG-ді ілгерілету бойынша жұмыс жоспарын әзірлеп, Биржада іске асыра бастады. Осыған байланысты, KASE серіктестерімен (Эксперт PA, PwC, Bloomberg) бірлесіп, тұрақты даму, ESG-критерийлері мен жауапты инвестициялау қағидаттарын ілгерілету мәселелері бойынша бизнес-қоғамдастық үшін оқыту іс-шараларын (қазіргі уақытта онлайн форматта) тұрақты түрде өткізеді.

#### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.